

"Қазақстан Республикасы аумағында алынатын консулдық алым мөлшерлемелерін және Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерде алынатын консулдық алым мөлшерлемелерінің базалық ең төмен және ең жоғары мөлшерлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 ақпандағы № 197 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 тамыздағы № 527 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 74 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 20.02.2019 № 74 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы аумағында алынатын консулдық алым мөлшерлемелерін және Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерде алынатын консулдық алым мөлшерлемелерінің базалық ең төмен және ең жоғары мөлшерлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 ақпандағы № 197 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 12, 82-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы аумағында алынатын консулдық алым мөлшерлемелерінде:

"Қазақстан Республикасы азаматтарының және заңды тұлғаларының, сондай-ақ шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың визалар беру туралы өтініштерін өңдеу және Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелеріне визалар беру (визалық қолдау) туралы нұсқауларды жолдау" деген 1-бөлім алып тасталсын;

реттік нөмірлері 4 және 5-жолдар алып тасталсын;

реттік нөмірлері 7 және 8-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

7.	Туристтік бір мәрте көп мәрте 90 күнге дейін	30	виза: күнге дейін	30 90 АҚШ доллары	АҚШ доллары
8.	Транзиттік бір көп мәрте	мәрте	виза:	15 30 АҚШ доллары	АҚШ доллары

";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерде алынатын консулдық алым мөлшерлемелерінің базалық ең төмен және ең жоғары мөлшерлерінде:

реттік нөмірлері 5 және 6-жолдар алып тасталсын;

реттік нөмірлері 7, 8 және 9-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

7	Көп мәртелік виза және оның мерзімін ұзарту (туристік және транзиттік визалардан басқа)	1 – 1000 А Қ Ш доллары	1 – 950 еуро	1 – 810 ағылшын фунт стерлингi	1 – 1020 швейцар франкі	1 – 1350 канада доллары	1 – 116440 жапон иені	
8	Туристік бір мәрте 30 күнге көп мәрте 90 күнге дейін	виза: дейін	1 – 60 А Қ Ш доллары	1 – 60 еуро	1 – 60 ағылшын фунт стерлингi	1 – 65 швейцар франкі	1 – 90 канада доллары	1 – 7550 жапон иені
			1 – 150 А Қ Ш доллары	1 – 115 еуро	1 – 110 ағылшын фунт стерлингi	1 – 160 швейцар франкі	1 – 185 канада доллары	1 – 15100 жапон иені
9	Транзиттік бір мәрте көп мәрте	виза:	1 – 40 А Қ Ш доллары	1 – 40 еуро	1 – 40 ағылшын фунт стерлингi	1 – 45 швейцар франкі	1 – 45 канада доллары	1 – 5660 жапон иені
			1 – 90 А Қ Ш доллары	1 – 110 еуро	1 – 90 ағылшын фунт стерлингi	1 – 95 швейцар франкі	1 – 110 канада доллары	1 – 9435 жапон иені

";

реттік нөмірі 19-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

19	Некеге отыруға (ерлі-зайыпты болу) және ұлтын өзгертуге байланысты жағдайлардан басқа, атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды тіркеу, оның ішінде тиісті куәліктерді беру, сондай-ақ қажетті материалдарды ресімдеу.	25 – 100 АҚШ доллары	15 – 70 еуро	15 – 65 ағылшын фунт стерлингi	25 – 110 швейцар франкі	29 – 116 канада доллары	2000 – 9450 жапон иені
----	---	----------------------------	--------------------	---	-------------------------------	-------------------------------	------------------------------------

".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев